

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
Экономический факультет
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа
и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

17 сәуір 2020 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

PROCEEDINGS

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261

Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев
А. А.
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н.,
Джондельбаева А.
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского
дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г.
Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический
университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-
педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі» халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики: Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economyformation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ ШЕТЕЛДІК МОДЕЛЬДЕРІ

Әбілова М.М.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 2-курс студенті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан Республикасы

E-mail: marzhan.abilova.00@bk.ru

Ғылыми жетекші – Жахметова А.К.

Аннотация: Кез-келген ел үшін мемлекеттік аудит саласы өте маңызды. Себебі аудит ол - мемлекеттердің экономикасының жетілуінде маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада мемлекеттік аудиттің шетелдік модельдері туралы айтылған, және көптеген дамушы елдер - дамыған елдерге қарай отырып, олардың мемлекеттік аудитті жүргізудегі қорытындыларын өздеріне үлгі қыла отырып, белгілі бір нәтиже шығаратындығы зерттелген.

Түйін сөздер: мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, заң, сыртқы аудит, ішкі аудит, Есеп комитет, Бас аудитор Офисі, Федералды Есеп

Аннотация: Область государственного аудита очень важна для любой страны. Аудит важен, потому что он играет ключевую роль в улучшении экономики государств. В этой статье рассматриваются зарубежные модели государственного аудита, а также исследуется, что, поскольку многие развивающиеся страны - развитые страны, дают определенные результаты - следуя их примеру при проведении правительственных проверок, они последуют их примеру.

Ключевые слова: государственный аудит, финансовый контроль, право, внешний аудит, внутренний аудит, Счетный комитет, Главный аудитор, Федеральная бухгалтерия

Annotation: The field of state audit is very important for any country. Auditing is important because it plays a key role in improving the economies of states. This article discusses foreign models of state audit, and also explores that, since many developing countries - developed countries, give certain results - following their example when conducting government audits, they will follow their example.

Keywords: state audit, financial control, law, external audit, internal audit, Accounts Committee, Chief Auditor, Federal Accounting

Мемлекеттік аудит дегеніміз – мемлекеттің аудиттік объектілерін мемлекеттік құжаттарда дұрыс көрсету, ол құжаттардың заңнамаға сәйкес келуін тексеріп, қаржы ресурстарымен қатар өзге де ресурстарды тиімді басқаруды бағалау боп табылады[1].

Өзінің тәуелсіздігі, заңы және өзге де елдермен демократиялық байланысы бар кез келген елде өзінің мемлекеттік аудиті болуы шарт. Қазіргі таңда мемлекеттің аудит саласы кеңінен даму үстінде. Өзіміздің елдегі мемлекеттік аудиттің дамуын айтқанда, ең алдымен шет елдердегі, соның

ішінде, дамыған елдердегі мемлекеттік аудиттің дамуын айтқанымыз жөн. Себебі, Қазақстан сол дамыған елдердің іс-тәжірибиесіне сүйене отырып, олардан үлгі ала отырып, өз аудитін жүзеге асырады. Мысалы Ресей, Германия, Канада, Ұлыбритания сынды ірі шет ел мемлекеттерінің мемлекеттік аудитін алып, талдау жасау керек. Германияда аудитті жүргізудің алғашқы қадамдары 1870 жылдары бастау алса, Ұлыбританияда 1130 жылдардан бастау алған. Неміс мектебі сол кезден бері зерттеудің үш бағытын анықтаған:

- Экономикалық талдау;
- Аудиттің пайда болуына алып келген құқықты талдау;
- Акционерлер арасында бухгалтерлік баланс туралы білімді насихаттау;

Лондон қаласында 1200-ші жылдары мемлекеттік аудит ұғымы енгізіліп, 1324 жылы король Эдвард II мемлекеттік аудитті тағайындау туралы жарлыққа қол қойған. Осы кезден бастап Ұлыбританиядағы аудиттің өзі 2-ге бөлінген: мемлекеттік аудит және ішкі аудит. Аудиттің 2 түрі де мемлекеттік және жеке тұлғалардың сеніп тапсырған қаражатқа қатысты есеп беруін қамтамасыз етуге бағытталған. Өзімізге шекара жатқан ел Ресейге келетін болсақ мұнда «аудит» сөзі I Петр патша кезінде пайда болды (1689-1725). Мемлекеттік аудиторлық ұйымдар Ресейде 1994жылдан бастап белсенді жұмыс істеп келеді. Канада еліне келер болсақ, 1877жылы Бас аудитор кеңсесі құрылды. Бас аудитор заң шығарушы және оны атқарушы биліктің өкілі болды[2].

Енді осы аталған алпауыт елдердегі мемлекеттік аудиттің қазіргі жағдайына тоқталар болсақ:

Қазіргі таңда Канадада аудитке байланысты мемлекеттік аудиттің 2 түрі бар. Оның бірі-сыртқы аудит, екіншісі-ішкі аудит. Сыртқы аудитті- Бас аудиторлар кеңсесі жүргізсе, ішкі аудитті әр бөлімдегі ішкі аудит бөлімшілері жүргізеді. Мемлекеттік қаржылық аудиттің жоғары органы Бас аудитор Офисі деп аталады. Бас ревизор кеңсесі- Мемлекеттік есеп комитеті болып саналады. Бұл комитет бағдарламалардың, сонымен қатар мемлекеттік ресурстардың тиімділігіне жауап береді. Бас аудитор кеңсесі- Канада еліндегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғарғы органы.

Бас аудитордың 11 көмекшісі бар, олар әрқайсысы Бас аудитордың кеңсесінің тиісті құрылымдық бөлімшесін құра отырып, аудиторлық қызметтің белгілі бір саласын басқарады. Мемлекеттік аудит барлық саланы тексеруде жүзеге асырылады(қаржы, мәдениет, ауыл шаруашылығы, денсаулық, білім). Бас аудитор кеңсесінің орталығы- Оттава қаласында орналасқан. Галифакс, Монреаль, Ванкувер сынды қалаларда кеңсенің аймақтық бөлімшелері бар. Бас аудитор Кеңсесін 70-тей федералды министрліктер мен 100 мемлекеттік корпорациялар, БҰҰ, және басқа да Канадада орналасқан халықаралық ұйымдар бақылайды[3].

Ұлыбританияда аудитті өткізу қажеттілігі өте өзекті, өйткені аудиторлық есеп қаржылық құжаттармен бірге жыл сайын ұсынылуы керек. Бұл мемлекеттік компаниялар үшін де, жеке меншік иелері үшін де қатысты. Жыл сайын аудит қызметі 500-ге жуық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың

шоттарын тексереді және 50-60 жылдық қорытынды шығарады. Ұлыбританиядағы мемлекеттік аудитті жүргізудің бір ерекшелігі – компания келесі сипаттамаларға сәйкес келетін болса аудитті болдырмауға болады:

- 50 адамнан аспайтын жұмыскерлері болса;
- Жалпы сомасы 5,1 миллион фунт балансты құрса;
- Қаржы айналымы 10,2 миллион фунттан аспайтын болса;

Егер компания осы 3 үлшемге сәйкес келсе, ол аудиттен босатылуы мүмкін. Ал, егер тексеруден босатуға негіз болмаса, компания тексеру рәсіміне дайындалуы керек. Ол 3 кезеңнен тұрады: аудиторды таңдау және оны тағайындау; қаржылық есептілікті дайындау; содан кейін аудиттің өзі.

Ұлыбританияда мемлекеттік аудитті жүргізудің көптеген ерекшеліктері бар. Заңды сақтау – Ұлыбританиядағы компанияның сәттілігінің маңызды аспектісі болғандықтан мемлекеттік аудит тек заң бойынша жүргізілуі шарт[4].

Қазіргі уақытта Ресейдегі аудиттің жағдайы бұрынғыдай федералды емес. Ресей Федерациясы 2008 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған №307 Федералдық заңның ережелерін кезең-кезеңмен күшіне енгізу кезінде. Аудиторлық қызметтер нарығының қатысушыларын сипаттай отырып, Ресейдің Қаржы министрлігі әлі күнге дейін федералды орган болып табылатынын атап өткен жөн. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 6,2 мың аудиторлық ұйым және 700-ге жуық жеке аудиторлар мемлекеттік аудитті жүргізуге лицензия алған. 38мыңнан астам адамға Ресейде Қаржы министрлігінің біліктілік сертификаттары бар. Аккредиттелген бес кәсіби аудиторлық қауымдастықтың мәліметтері бойынша олардың мүшелері 3370 сертификатталған аудиторлық ұйым, 8350 сертификатталған аудитор боп саналады.

Ресей Федерациясы болашақта Мемлекеттік қаржылық бақылауды, сонымен қатар мемлекеттік аудитті жүзеге асырудағы тиімділік аудитіне көшетін болмақ. Және ол аса дамыған Канада елі үшін үлкен қызығушылық тудырады[5].

Германияда мемлекеттік аудитті жүргізудің алғашқы қадамдары 1870 жылы жасалғаны мәлім. Сол кезде акционерлік қоғамдар туралы заңға осы компаниялардың бақылаушы кеңестері бухгалтерлік балансты, кірісті бөлу туралы есепті және акционерлердің жадпы жиналысында аудит туралы есеп беруді міндеттеді. 1870жылдан кейін көптеген акционерлік қоғам құлады, сөйтіп германияда сыртқы аудит жүргізілуі қарастырылды.

Қазіргі уақытта Германияда Аудиторлар институтында 6700 аудитор мен 900 аудиторлық ұйым өз қызметтерін атқаруда. Мүшеліктің басты шарты-еріктілік, алайда әр аудитор кәсіби ережелерді сақтауы керек.

Қазіргі таңда Германияда қаржылық есеп беру органы – Федералды есеп деп аталады. Федералды есеп - мемлекеттік аудит жүйесіне кіретін мемлекеттік орган. Қолданыстағы аудиторлар процедуралар 1997 жылдан бастап Федералды есеп аудитінің ережелері боп кірді. Германияның ФЕП тәжірибиесін елімізде мемлекеттік аудит жүргізу үшін өте тиімді[6].


Кез-келген елдің мемлекеттік аудитінде статистикалық мәлімет маңызды

рөл атқаратындықтан, өзімізге шекаралас жатқан ел – Ресей елінің мемлекеттік аудит жүргізу тәртібіне бірнеше мысал келтіргім келіп отыр.

Бұл статистикалық мәліметтерде Ресей Федерациясындағы аудиторлық ұйымдар мен жеке аудиторлардың сапа бақылау жүйесінің жай-күйі туралы қысқаша ақпарат берілген.


2018 жылы аудиторлық ұйымдар мен аудиторлардың жұмысына сапаны бақылаудың сыртқы жүйесі аясында Федералдық қазынашылықты, және сонымен қатар аудиторлардың өзін-өзі реттейтін ұйымдарын қосқанда барлығы 4382 тексеру жүргізілген. Оның ішінде 1012-сі аудиторлық ұйымдардың, 3370-сі аудиторлардың, 95-сі жеке тексерушілердің тексерулері болып табылады. Бұл тексерулер барлық аудиторлық ұйымдардың 24% -ын, жеке аудиторлардың 15%-ын, Ресей Федерациясында аудиторлық іс-шараларға қатысқан басқа аудиторлардың 17%-ын қамтиды. 1 жыл ішінде, яғни 2018 жылы Федералдық Қазынашылық 240 тексеру жүргізсе, 2017 жылы 272 тексеру жүргізген. Тексерулердің жалпы санының 88-пайызы жоспарланған болса, қалғандары жоспардан тыс жүргізілген.

Мысалы, бұл елде аудиторлардың өзін-өзі реттейтін ұйымдары жүргізетін аудиторлық ұйымдардың жұмыс сапасына сыртқы тексерулердің саны келесі мәліметтермен сипатталады (1-сурет).



Сурет-1. 2017-2018 жылдардағы Ресейлік Автосақтандырушылар Одағының өткізілген тексерулер саны


Келесі диаграмма, осы РАО аудиторлық ұйымдардың ішіндегі өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері, және сол мүшелерінің жалпы санындағы аудиторлық ұйымдардың үлесі, % туралы ақпарат береді (2-сурет).



Сурет-2. РАО аудиторлық ұйымдардың ішіндегі өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері, және сол мүшелерінің жалпы санындағы аудиторлық ұйымдардың үлесі, %

2017 жылмен салыстырғанда жеке аудиторлардың жұмыс сапасына сыртқы мемлекеттік аудиттен 16% төмендеген.

Өзін-өзі реттейтін реттейтін ұйымдардың аудиторлары 2018 жылы сыртқы сапа аудитін жүргізу бойынша 37,8 млн рубльді жұмсаған. 2017 жылмен салыстырғанда бұл шығыстар 18%-ға өскен (3-сурет), [7].



Сурет-3. Ресей еліндегі аудиторлардың сапаны сыртқы бақылау шығындары үлесі, %

Мемлекеттік аудит – қаржылық ресурстарды тиімді басқаруды қамтамасыз ететін, заңмен жүзеге асырылатын, ақша қаражатының дұрыс жұмсалуды тексеретін бақылау. Өзінің тәуелсіздігі, заңы және өзге де елдермен демократиялық байланысы бар кез келген мемлекетте өзінің мемлекеттік аудиті болуы шарт. Қазіргі таңда мемлекеттің аудит саласы кеңінен даму үстінде.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудитінің дамуын айтпас

бұрын, ең алдымен шет елдегі аудитке назар салғанымыз жөн. Себебі біз солардың іс-жүзінде жүргізген мемлекеттік аудитіне қарап, өзіміздің мемлекеттік аудитімізді қалыптастырамыз. Ірі, дамыған елдер жүргізген мемлекеттік аудитінің нәтижесін тану арқылы дұрыс қорытынды аламыз деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы 12 қараша 2015 жыл № 392-V: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
2. Экономикалық кітапхана: Мемлекеттік аудиттің шетелдік модельдері: <http://eclib.net/15/42.html>
3. Абленов Д.О. Аудит: теория и практика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2005. - 420 б.
4. Ұлыбритания Ұлттық бақалау-тексеру басқармасының ресми сайты <http://www.nao.org.uk/about-us>
5. Дюсембаев К.Ш. Теория аудита: Оқулық. – Алматы: Экономика 2013. - 861 б.
6. Германия Федеративті Республикасының конституциясы. http://www.gesetze-im-internet.de/gg/art_114.html
7. <http://www.minfin.ru/ru/performance/audit/monitoring/QualRep/>

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТИСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АУДИТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбіш Д.Б.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 2 курс студенті,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
Қазақстан Республикасы
E-mail: dannabagdatovna@mail.ru

Ғылыми жетекші – Жахметова А.К.

Аннотация: Бұл мақалада квазимемлекеттік сектор субъектілерінің негізгі құралдарына мемлекеттік аудит жүргізу процессінің ерекшеліктері мен орын алуы мүмкін қателіктер тізбесі қарастырылады. Сонымен қатар олардың алдын алуға мүмкіндік беретін ұсыныстар жүйесін құру арқылы, мәселенің маңыздылық деңгейіне мән беріледі.

Түйін сөздер: Негізгі құралдар, амортизация, квазимемлекеттік сектор, мемлекеттік аудит.

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности процесса проведения государственного аудита основных средств субъектов квазигосударственного сектора и перечень возможных ошибок. При этом особое внимание придается уровню актуализации проблемы путем создания